

ӘОЖ 168.522

З.Н. Исмагамбетова, С.С. Аубакирова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: aubakur@mail.ru

Толеранттылық феноменін зерттеудің әдіснамалық қырлары

Философиялық мәселе ретінде толеранттылық ұлттық мәдениеттен, адамдар арасындағы қатынастар мен конфессияаралық қатынастардан өз шешімін табады. Оның шешімі адамдардың әлеуметтенуі процесінің ерекшелігіне тәуелді, ал ол әлеуметтік-мәдени және субмәдениеттік дәстүрлерге байланысты. Көптеген шетелдік және отандық мамандардың зерттеулері осындай әдіснамалық негізге сілтеме жасайды. Қазіргі әлемдегі экономика, қаржы саласындағы және адамдар арасындағы дағдарыс толеранттылық феноменін зерттеудің өзектілігін көрсетеді, оның мәніне, өзгешелігіне ғылыми-теориялық негіздеме беру керектігінің қажеттігін көрсетеді.

Жаһандану, көпполярлы әлем, либералдық-демократиялық құндылықтар толеранттылық мәселесін халықтар арасындағы, мемлекетаралық, конфессияаралық және этносаралық қатынастарды реттеудің қажетті шарты етті. Бұл процестер толеранттылықты саяси қажеттілікке айналдырды. Ал ол, өз кезегінде, мәдени норма болуы керек. Оған халықаралық және ұлттық-мәдени деңгейдегі тарихи және қазіргі күнделікті тәжірибе дәлел бола алады.

Түйін сөздер: толеранттылық, құндылық, жаһандану, менталитет, этносаралық қатынастар, ұлт, этнос, конфессияаралық келісім.

Z.N. Ismagambetova, S.S. Aubakirova

Methodological aspects of the researching phenomenon of tolerance

Tolerance as a philosophical problem is solved in the national culture, interpersonal and inter-faith relations. The solution of this problem depends on the specifics of the socializations of people, and it is socio-cultural and subcultural traditions. Studies of many foreign and domestic scientists show on a methodological basis. The current world crisis in economy, finance and human relations show the relevance of the study of the phenomenon of tolerance, scientific and theoretical basis of its nature and specificity.

Globalization, a multipolar world, the liberal-democratic values have made the problem of tolerance prerequisite for regulating relations between peoples, nations, religions and ethnicities. These processes convert tolerance to political necessity. This, in turn, must be cultural norms. This is indicated by historical and actual experience at the international level and at the national-cultural.

Key words: tolerance, value, globalization, mentality, ethnic relations, nation, ethnicity, interfaith harmony.

З.Н. Исмагамбетова, С.С. Аубакирова

Методологические аспекты исследования феномена толерантности

Толерантность как философская проблема решается в национальных культурах, межлических, межконфессиональных отношениях и зависит от специфики социализации людей, а она, в свою очередь, от социокультурных и субкультурных традиций. Исследования многих зарубежных и отечественных ученых показывают на такое методологическое основание: современный мировой кризис в сфере экономики, финансов и межлических отношений показывает актуальность исследования феномена толерантности, научно-теоретического обоснования ее сущности и специфики.

Глобализация, многополярный мир, либерально-демократические ценности сделали проблему толерантности необходимым условием регулирования отношений между народами, государствами, конфессиями и этносами. Данные процессы превращают толерантность в политическую необходи-

мость. А она, в свою очередь, должна быть культурной нормой. На это указывает исторический и действительный опыт как на международном уровне, так и на национально-культурном.

Ключевые слова: толерантность, ценность, глобализация, менталитет, межэтнические отношения, нация, этнос, межконфессиональное согласие.

Кіріспе

Әлемдік қауымдастықтағы күрделі халықаралық қатынастардың, конфессияаралық және мәдени қарым-қатынастардың тиімді әрі әділетті болуының бірден-бір шарты болатын толеранттық принципі ғылыми тұрғыдан түсіндіруді, пайымдауды қажет ететіндігі белгілі. Толеранттылық халықаралық, қоғамдық және тұлғааралық қатынастардың маңызды талабы болып табылады. Басқа этностардың, діндер мен мәдениеттердің өкілдеріне деген құрмет, тең қатынас, төзімділік – бұл өркениеттің жемісті болуының бірден-бір шарты.

Толеранттылықты өзінше бір мақсат ретінде қарастырмау қажет, ол бір қоғамда бірлесіп тіршілік етудің белгілі бір құралы, механизмі болуы керек. Төзімділік ретінде түсінілетін толеранттылық адамдардың бір-бірін, белгілі бір топтарды құрметтеп, оларға төзімділікпен қарауын, мәртебесін, құқықтарын бағалап, сыйластықпен ықлас білдіруін көрсетеді. Ол мәдениеттердің сұхбатын, консенсусқа келуді, бейбіт тіршілік етуді басымдылық ретінде ұстанатын жағдайдың сипаты іспеттес.

Бүгінгі күні барлық халықтар өркениетке бет бұрған әлемде адамаралық, этносаралық және конфессияаралық өзара түсіністік пен төзімділікті қалыптастыру қоғамның бейбіт те, орнықты дамуының кепілі ретінде бағаланады. Толерантты қарым-қатынастардың бастаулары, қазақ халқының басқа этностармен, олардың мәдениетімен, дәстүрімен қатар бейбіт өмір сүру ұстанымы өз тамырымен өте ерте ғасырлардан басталды. Мыңдаған жылдар бойы қазақтардың тарихи жерінде әртүрлі мәдениеттердің, діндердің және дәстүрлердің өкілдері болатын көптеген халықтардың тағдырлары қиылысты.

Толеранттылық мәселесін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында ерекше атап өтті: «Біз әркімнің ар-ұжданы, абыройы мен беделі қадірленетін, мәртебелі мораль, этикалық негіздер мен рухани құндылықтар ірге тепкен қоғам құруымыз», – деді. Және осы бағытта Қазақстан халықтарының Ассамблеясы да біршама игі істер атқару үстінде. Бұл істердің негізінде Елбасымыздың ұлтаралық мәселелер жөніндегі ішкі

және сыртқы саяси бағдарламалары негіз болып отыр. Бұл бағдарламалар біздің болашақ ғылыми зерттеулеріміздің негізгі ұстанымы болмақ [1].

Қазіргі заманда толеранттылықтың қалыптасуы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселе бүгінгі күні әр мемлекетте әртүрлі деңгейде шешілуде. Белгілі ғалым Бэтти Э. Риэрденның ойынша, «толеранттылық адам құқығының жүзеге асуындағы және әлемді танудағы басты құндылық болып табылады» [2].

Халықтардың жалпы тарихи тұрмыс тіршілігіне байланысты толеранттылық ұғымы әр тілде әртүрлі түсіндірілуде:

– ағылшын тілінде «толеранттылық» – «ешқандай тосқауылсыз тұлға немесе затты қабылдауға дайындығы»;

– француз тілінде – «басқаның бостандығын, оның ойлауын, діни және саяси көзқарастарын құрметтеу»;

– қытайша толерантты болу деген басқаларға мейірімділік таныту, көрсету;

– араб тілінде – бұл «басқаларға кешірімді, жұмсақ, қайырымды болу»;

– парсы тілінде – «төзу, төзімділік, шыдамдылық» [3, 6].

Толеранттылық туралы тарихи тәжірибеге байланысты әртүрлі анықтамалар берілген. Бірақ олар сонымен қатар мәдениеттің әртүрлілігімен және әлемде болып жатқан қазіргі жағдайларымен байланысты болып табылады.

Толеранттылық түсінігінің бостандық, сәйкестік, теңдік феномендерімен тығыз байланысы өткен ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ осы салада зерттеу жүргізген шетелдік ғалымдардың еңбектерінде оны үнемі назарда ұстауға мәжбүрледі. Дегенмен, алғашқы кезде оның діни аспектісіне ғана көңіл бөлінді. Тек кейінгі уақытта ғана оның саяси, гендерлік, жастық, этникалық аспектілері жан-жақты қарастырыла бастады.

Негізгі бөлім

«Толеранттылық» ұғымы қазіргі күні көптеген пәндердің тақырыбы болып қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік практикада да кеңі-

нен пайдаланылып келеді. Төзімділік саясатта, этносаралық, конфессияаралық қатынастарда, халықаралық қақтығыстар мен шиеленістерде негізгі шешім екені белгілі. Көптеген деректер көрсеткендей, бұл ұғымның әлі күнге дейін көпшілік қабылдаған қатаң мазмұны ашылмаған. Бірақ ол көпмағыналық «толеранттылық» ұғымының негізгі қолданылу тәсілінің жүйелі түрде типологиясын жасауға кедергі келтірмейді. Оған негіз болатын бұл ұғымның мағыналық дифференциациясы болып табылады. Ол әлеуметтік шындықтың белгілі бір сегменттерімен және пәндік-ғылыми ерекшелігімен байланысты.

Толеранттылық мәселесін зерттеудің теориялық-методологиялық негізін жаһандану теориясы, біртұтас әлем принциптері, культурогенез, саяси либерализм, толеранттылық қатынасты талдаудың институционалды, аксиологиялық, әлеуметтік-коммуникативтік концептуалды қайдаттары құрайтыны белгілі.

Толеранттылықты әлемдік мәдени аренада көрсету бай және тарихи оқиға болып табылады. Антикалық діни мифологиялық кезеңде толеранттылықтың кейбір нышандары байқалған. Антикалық философияда толеранттылық адамдық қайырымдылық мағынасында көрініс табады. Ол гуманистік сипатқа ие және жоғары дәрежеде оң мағыналы. Тіпті, әділеттілік, зерделілік сияқты басқа қайырымдылықтармен қатар тұрады.

Ежелгі Римде «tolerare» (ауыстыру, шығару) төзімділікті білдірген. Цицерон Марк Тулий «tolerantia» ұғымын даналар рухына ұқсатқан, ол адамдардың іс-әрекетіне төзімді келеді деп есептеген. Толеранттылықтың мазмұнды мәнін ашқандар Сократ және софистер болған. Протогордың ойынша, құдайлар туралы ештеңе бейнеленбеген, сондықтан да өмірі қысқа, сонымен өмірдің барлығы ақиқат болады, сондықтан төзімділік әлемде міндетті түрде қажет. Осындай төзімділікке деген абсолютті риясыздық болған. Сол Сократтың мен ештеңе білмейтінімді білемін деген ойы қазіргі толеранттылықты зерттеушілердің кейбіреуінде толеранттылық сананы қалыптастырудағы фундамент болып табылады.

Христиандық авторлар бұл терминологияны төзімділікпен байланыстырған, себебі діни ілімінің алғашқы кезеңінен бастап бұл ұғым христиандардың басты рақымшыл ұғымы болған. Бірақ мұнда басқа социумға деген қатынас жоқ, тек қана ол синоним түрінде төзімділікке деген құштарлық, азап пен жауыздыққа қарсы болған.

Қазіргі заманда толеранттылық немесе төзімділік адамның моральді канондарына тиісті

болып табылады. Бүгінгі күні ол термин негізгі ұғым болып отыр. Бұдан ешқандай ерекшелікті іздеудің керегі жоқ, Себебі әр дәуірдің өзінің іргелі ұғымдары болады. Аталған мәселе мәдіеттанулық, философиялық, дінтанулық, этикалық, психологиялық, әлеуметтанлық әдебиеттерде жақсы ұсынылған.

Төзімділік туралы әртүрлі теориялық, эмпирикалық зерттеулер жүргізілген. Жеке ұғым ретінде толеранттылық ағартушылық дәуірде іргелі мәдениеттің компоненті ретінде қарастырылған. Алғашқы рет Дж.Локк «Төзімділік хаты» еңбегін жазады. Философия тарихында Дж. Локк туралы «Еуропаның қамын ойлайтын азамат», «Ағылшын революциясының пайғамбары», «төзімділік ойының әкесі» айтылған. Оның бұл мәселеге «Epistola de tolerantia» деп аталатын 1689 жылы жазылған хатын арналған [4]. Ол адамдарды қоғамда төзімді болуға, бір-біріне мейірбандылық көрсетуге, адамдарды дінге деген махабатқа, жақсы адамгершілікке, ізгі еркіндікке шақырған.

Толеранттылық қазіргі ғылымда әртүрлі аспектіде қарастырылады: әлеуметтік, діни, саяси, жыныстық, этникалық, т.б. Осылардың ішінен біздің зерттеу пәнімізге байланысты этникалық толеранттылықты жеке бөліп қарастырайық. Этникалық толеранттылықтың философиялық негізі – басқаның, өзінен айырмашылығы бардың өмір сүруі фактісінің өзі болып табылады. Ал оның түпкі мәніне жету үшін ең алдымен «этникалық» түсінігіне тоқталып өткен жөн. «Этнос» терминін қарастырғанда көпшілік авторлар Ю.В. Бромлейдің анықтамасын негізге алады. Оның айтуынша «этнос – бұл белгілі территорияда тарихи қалыптасқан, салыстырмалы түрде тұрақты тіл, мәдениет және психикалық ерекшеліктерге, сол сияқты өзіндік атауында көрінетін өзінің бірлігі мен өзгелерден ерекшелігін (өзіндік сана) түйсінетін адамдардың тұрақты жиынтығы». Этнос табиғатын түсіндіруге арналған басқа да тұжырымдар көптеп жасалды. Л.Н. Гумилев этносты ең алдымен табиғи құбылыс ретінде қарастырды. Оның түсінігінде этнос – «бұл өзін басқа өзі сияқты ұжымдарға қарсы қоятын (біз – біз емес), ерекше ішкі құрылымға және мінез-құлқ стереотипіне ие адамдар ұжымы (динамикалық жүйе)».

Этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы күрделі, ұзаққа созылған үдеріс және ол қоғам өміріне өздігінен кірігіп, адамдар мінез-құлқында механикалық түрде жүзеге аспайды. Адамзатқа ортақ құндылықтар мен

нормалар ұлтаралық қатынастарды реттеудің негізгі факторы болып табылады. Түзу, әдепті, төзімді қарым-қатынастан шүбәсіз нақтылыққа айналуы тиіс. Ол үшін тұрғындарды, ең алдымен, жас буынды үйретудің, білім беру мен тәрбиелеудің барлық сатыларында тиімді жұмыс атқару қажет.

Тарихи тәжірибе мен әлемдегі қазіргі жағдай ұлтаралық қатынастар саласындағы әлеуметтік шындықты гуманистік рухани-тәжірибелік тұрғыда өзгертуді талап етеді. Бәріміз де этносаралық қарым-қатынастардың гуманизациясы қажетті әлеуметтік мұқтаждыққа айналғанын және оның сұхбат пен төзімділік қағидаларына негізделіп, құрылуын мойындаймыз. «Бүгінгі таңда қажетті және қалаулы келісімге жеткізетін мәдениеттер мен өркениеттер кеңістігін қалыптастыру жанжалды әлемді әлеуметтік және мәдени тұрғыда реттеудің басым түріне айналып отыр.

Толеранттылық басқаны сол қалпында өз бойындағы ерекшелігімен қабылдауды, адамдардың сұхбат пен келісім негізінде бір-бірімен араласуын білдіреді. Сондықтан, ол қазіргі халықтардың бір-бірімен араласуының, қарым-қатынас жасауының шарты болып табылатын, этносаралық, конфессияаралық процестердің талабына сай келетін маңызды феномен болып табылады. Қазіргі өркениет әртүрлі этностардың, діндер мен мәдениеттердің өкілдеріне толерантты қатынас жасау негізінде ғана сақталып, дамиды. Бүгінгі құндылықтар дағдарысынан шығу қоғамның ескі құндылықтық жүйесінен жаңа жүйеге ауысып, жаңа гуманистік дүниетаным қалыптастыру арқылы өзгеге қатынас жасау механизмін өзгерту негізінде ғана мүмкін болмақ.

Әлемдік қауымдастықтағы күрделі халықаралық қатынастардың, конфессияаралық және мәдени қарым-қатынастардың тиімді әрі әділетті болуының бірден-бір шарты болатын толеранттық принципі ғылыми тұрғыдан түсіндіруді, пайымдауды қажет ететіндігі белгілі. Толеранттылық халықаралық, қоғамдық және тұлғааралық қатынастардың маңызды талабы болып табылады. Басқа этностардың, діндер мен мәдениеттердің өкілдеріне деген құрмет, тең қатынас, төзімділік – бұл өркениеттің жемісті болуының бірден-бір шарты.

Батыстық үлгіде қалыптасқан ойлау үлгілері бүгінде сынға алынуы тиіс. Антропологиялық сипаттан жұрдай ойлау жүйесіне негізделген методологияның орнына «Адам – Әлем» жүйесінде тұтастыққа негізделген көзқарас қалыптасуы қажет. Бұндай көзқарасты даналыққа

қайта оралған философия ғана қамтамасыз ете алады. Даналық – философияның өткен шағы емес, болашағы. Философиялық санада қазір философияның болашағын адамға, қоғамға ықпалын ғылым мен емес, даналықпен ұштастыру орын алып келеді. Мұндай ойдың біз үшін маңыздылығы мынада деп білеміз: қазақ менталитетіндегі төзімділік мәселесі негізінде даналық және түсінік сынды қағидалардың жатқаны төзімділіктің тұтастыққа негізделгенін, сана мен ойдың, сезім мен еріктің, ақыл мен парасаттың бірлігінен туындайтынын төзімділіктің не деген сұрақтан бұрын кім оны жүзеге асырады деген сұраққа жақындығын байқатады. Біздің мақсатымыз, осы қойылған мәселе төңірегінде ой бөлісу болмақ.

Қоғамдағы қалыптасқан пікір бойынша, төзімділік күш көрсетпеу, әр текті ойлар мен мәдениеттер арасында өркениеттік қатынастар орнату, ықтималды, мәмілегерлік тұрғысынан шешу болып табылады. Төзімділік қағидасы адам құқықтарымен тығыз байланысты. Осыған қоса, бұл қағида ынтымақтастық қағидасымен, пікір білдіру еркіндігімен, халықаралық және ұлттық қауіпсіздік ережелерімен тікелей байланысты. Төзімділік қағидасы қызметінің негізгі аясы – ұлтаралық қатынастар саласы. Тап осы аяда төзімділік қағидасының бұзылуы жиі орын алып отырады. Төзімділік қағидасының дінмен де тығыз байланысы бар, өйткені барлық конфессиялар өз жақтауларын бейбітшілік пен келісімділікті, басқа адамдардың мазасын бұзбай өмір сүруге, кешірімді болуға шақырады. Дінаралық төзімділікті дамыту Қазақстан үшін саяси мәселе және ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың басыңқы бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан келгенде, дінаралық төзімділік өзара жауапкершілік пен сыйластыққа, әділеттілікке негізделуі тиіс. Қазақстанда мемлекет органдарының дін ісіне араласпауы, ар-ұжданды жеке бастың ісі деп бейтараптық тұрғыдан қарауы дінаралық төзімділікті қалыптастыратын бірден-бір кепіл болмақшы. Қысқаша айтқанда, төзімділік қағидасының көрінер саласы жеткілікті. Ол саясатта, экономика мен шаруашылықта, мәдениет пен тілде, дін мен философияда, қоғамның басқа да салаларында орын алған. Олай болса, төзімділік – әр түрлі қатынастар мен құндылықтар әлемінің бейбіт түрде өмір сүруі. Ол – қоғамдық дамудың прогрессивтік кепілі. Дегенмен де, Қазақстан жағдайында төзімділіктің көзі, қайнар бұлақтары қайда деген сауал туындайды. Енді осыған жауап іздеп көрелік.

Қазақтың дүниетанымы мен философиясы төзімділік идеясына толы. Мұндай менталдық құбылыс астарында Шығыс пен Батыс, үнді-иран, қытай, араб, Византия, түрік, монғол, славян өркениетінің, отырықшылық пен көшпеліліктің, мал және егін шаруашылықтарының даму есері жатқаны тарихтан белгілі. Осындай тарихи-мәдени ықпал арқасында қазақтың рухани болмысында төзімділік стереотиптері қалыптасты. Олар: «адам мен табиғат», «адам мен қоғам», «адам мен адам» қатынастар жүйесінде өз көріністерін тапқан. Қазақтың менталдық болмысындағы ұжымдық, қауымдық, рулық сана да төзімділік қағидаларын қалыптастырды. Қазақтың «у ішсең руыңмен», «көппен көрген ұлы той» деп мақалдау негізінде де осы төзімділік феномені жатыр. Қазақ қашанда әр нәрсе-нің байыбына баруды қалаған. Асығыстық пен ағаттықты «шайтанның ісі» деп білген. Қандай істің болса да артын бағып, сабырлық танытуды даналықтың белгісі деп таныған. «Сабыр түбі – сары алтын» деп ой түйген. Сол сияқты, ол қашанда зорлық-зомбылыққа қарсы тұрып, қандай да болмасын мәселені мәмілелік тұрғысынан шешуге ұмтылған. Көшпелілердің табиғатқа бейімділігі, шаруашылығы мен еңбек жүйесін соған сәйкес құра білуі, табиғатқа қарсы тұрмауы, үстемдікке ұмтылмауы қазақ менталитетіндегі төзімділік феноменінің орнын дәл көрсетеді. Осындай менталдық болмыстың арқасында дәстүрлі қоғамда табиғат пен адам арасындағы байланыс үндестік пен жарасымдылық тұрғысынан өз шешімін тауып отырған. Бүгінгі техногендік өркениет экологиялық апаттың алдын алам десе, көшпелілер әлемінен қалған осындай менталдық стереотиптер мен дүниетанымдық қағидаларды жандандырып, оларға деген сұранысты оятуы тиіс.

Бұл жолдағы басты бағыт рационалдық тұрғыда қалыптасқан ой кешу үрдісінен бас тарту болмақшы. Өйткені, XX ғасырдағы бүкіл қақтығыстар мен қырғи-қабақ соғыстар, экологиялық апаттар мен табиғатқа деген агрессивті көзқарастар негізінде осы рационализм тудырған төзімсіздік менталитеті жатты. Батыстық үлгіде дамыған ағартушылық идеясы да мәмілелікті мақсат еткен жоқ, оны орнатуға талпынбады, керісінше, дәстүрлі қоғам құндылықтарынан толық бас тартуға, оны жаңаның алдында жарамсыз деп тануға ұмтылды. Марксизмдегі қоғамдық-экономикалық формация теориясы, таптық күрес пен революция, әлеуметтік саяси аренада большевизм мен фашизмнің пайда бо-

луы, философия тарихындағы материализм мен идеализмнің күресі, дін мен ғылым арасындағы бітпес күрес те осы XX ғасырдағы рационализм тудырған төзімсіздік менталитетінің көріністері екені сөзсіз. Сонымен бірге, қазақ менталитетіндегі төзімділік феноменін «адам мен қоғам» жүйесінде қарастырудың маңызы зор. Қоғамдағы әлеуметтік құрылымдардың түбегейлі өзгеруі, дәстүрлі құндылықтар жүйесінің бұзылуы, ақпараттық технологияның қарыштап дамуы, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың интернационализациялануы, Батыстық үлгідегі құндылықтардың шамадан тыс уағыздалуы, қазақ халқының менталитетіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан төзімділік қағидасын қайта қарауға мәжбүр етуде. Ендігі жердегі қазақ менталитетіндегі төзімділік тек күш көрсетпеумен, немесе кешірімшіл болумен, көнбістік танытумен шектелмеуі қажет.

Біздіңше, төзімділік әділеттілік пен теңдіктің, өзара тиімді келісім мен ынтымақтастықтың, білім мен даналықтың, ақыл мен парасаттың бірлігіне, тұтастығына негізделуі тиіс. Ал бұл төзімділікке деген жаңа көзқарас пен дүниетанымды, ұлттық ойлаудың жаңа үлгілерін дамытуды, бұрынғы қалыптасқан философиялық стереотиптерден бас тартуды қажет етеді. Мұндай тұтастыққа негізделген ойлау үлгілері батыстың ұстанып отырған ғылыми рационализмінен мүлдем басқа және оған қарама-қарсы десе де болады. Тұтастыққа негізделген дүниеге көзқарастың озық үлгілерін қазақтың рухани болмысынан, дүние түсінігінен көруге болады. Ондағы космос пен адамның, аспан мен жердің, материалдық пен руханилықтың, ақыл мен жүректің тұтастығы мен бірлігі, бүгінгі қазақ менталитетіндегі төзімділік мәселесін дұрыс түсінуге бағыт берер методологиялық құрал бола алады. Сондай методологиялық құралды дамытар философия қазақ философиясы болуы тиіс. Ол үшін қазақ философиясын маркстік ойлау стереотиптерінен тазартып қана қоймай, оны қазіргі өркениет талаптарына сай бейімдеудің маңызы зор.

Қазақтың рухани дүниесіндегі тұтастық пен бірлік идеясының пайда болу негізінде сыртқы және ішкі әлеуметтік-мәдени факторлардың әсері жатыр. Ғасырлар бойы өз ықпалын тигізіп келген үш әлемдік мәдениет – батыстық (еуропалық және орыс мәдениеті), шығыстық (буддизм, ислам) және түркілік-қазақ менталитетінде өзіндік сипатқа ие болып отырған. Сыртқы ықпалдар қаншалықты күшті болса да, қазақ өзінің

төл мәдениеті мен менталдық болмыс ерекшелігін сақтап отырған. Көшпелі өркениет қалыптастырған оның рухани болмысындағы ашық жарқындығы мен бөтенді жатсынбауы негізінде төзімділік қасиеті дамып отырған. Демек, қазақ менталитетіндегі төзімділік онтологиялық сипатқа ие болған. Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлтаралық татулық пен өзара сыйластықтың менталдық негізі де осында.

Төзімділікке жаңаша көзқарасты дамытудың бір ұшы елдегі демократиялық қатынастар жүйесінің толық орнығуына тікелей байланысты. Мұндай жағдайда төзімділікті тек қайшылықтарды шешудің құралы деп қарау жеткіліксіз. Оны саяси құндылық деңгейіне дейін көтеріп, әділеттілік пен теңдік қағидаларының жүзеге асуының шынайы көрінісі ретінде қараудың маңызы зор. Сонда ғана төзімділік адамдардың саяси мәдениеті мен мінез-құлқында, менталдық болмысында өзінің орнын табады. Ал әзірге, Қазақстанның саяси жүйесі менталдық төзімділікті қалыптастыруға, оны саяси мәдениеттің басты көрінісі ретінде қарауға, оны қоғамның дамуының қажетті әлеуметтік нормасы ретінде қабылдауға, жеке тұлғаларды әлеуметтендірудегі рухани тұғыр ретінде мойындауға әлі дайын емес. Себебі, кешегі тоталитарлық жүйеден қалған саяси стереотиптер, бүгінгі саяси партиялардың іс-қимылдары мен әдіс-тәсілдерінде басқа қырынан көрінуде. Олардың Қазақстанның саяси жүйесін реформалауда басқаға еліктей отырып төзімсіздік танытуы, кешегі большевиктердің ұрандатқыштық психологиясын еске салғандай. Алыстағы Америка мен Еуропаға деген ыстық «махаббатта» сол төзімсіздіктің көрінісі. Сондықтан да, саяси партиялар Қазақстан жағдайында демократияның институциялық астарымен бірге, этикалық астарын да дамытуға ынталы болуы тиіс. Демократияның этикалық астары ұлттың рухани құндылықтарынан сусындамаған жағдайда демократия саяси ойынға айналып, мақсаты мен сипаты өзгереді, жасандылығы басым болады.

Қазақ менталитетіндегі төзімділіктің идеологиялық және саяси астары бірде айтылса, бірде айтылмай жүр. Ұлт менталитетінде төзімділік тек психологиялық, моральдық қасиет ретінде қарастырылумен шектелуде. Осы тұрғыдан келгенде, саяси төзімділіктің шегі қандай деген сұрақ туындайды. Қойылған сұраққа жауап әр түрлі болуы мүмкін. Бірақ, болашақтағы мүмкін болар жауаптардың бір мәселені айналып өтпейтіні хақ. Ол халықтың қоғамда

қалыптасқан норма мен іс-әрекет үлгілерін саналы түрде қабылдап, оларды өзінің менталдық болмысының құрамдас бөлігіне айналдырып, белсенділік танытуы немесе сол әлеуметтік құндылықтарға баяу бейімделіп, кейде бейтараптық ұстаным ұстайтыны. Соңғы жағдай амалсыздан төзуден, мәжбүрліктен, шарасыздықтан туындайды. Оны «тыныш қарсыласу» деп атауға болады. Ол қоғамды біріктірмейтін, керісінше, болашақта мүмкін болар әлеуметтік қайшылықтарды тудыратын күш екені белгілі. Мұндай жағдайда саяси төзімділікті құндылық ретінде қалыптастыру қиынға соғады. Саяси төзімділік қашанда шектеулі. Саясатта оның шегі ұлттық мүддені қорғаумен, экологиялық экономикалық және әлеуметтік саясаттың халықтың әл-ауқатын жақсартуға деген бағытымен және олардың пәрменділігімен өлшенеді. Саяси төзімділіктің қоғамның рухани ахуалының даму деңгейімен де өлшеуге болады.

Қоғам рухани жағынан неғұрлым азғындаған сайын, дәстүрлі құндылықтар жүйесі сыртқы ықпалдардың әсерінен әлсіреген сайын, саяси төзімділіктің ішкі мүмкіндіктері сарқыла бастайды. Оның орынын төзімсіздік басып, қоғамда «аномдық» құбылыстар мен ауытқулар, саяси кері ағар үрдістер орын алады. Мұндай құбылыстар, әсіресе, өтпелі кезеңдерде қатты сезіледі. Жаһандастыру қарсаңында бүгінгі Қазақстан өркениеттік дамудың өз жолын таңдауы және ол жол ұлттың тол мүддесіне сай келуі тиіс. Қазіргі өркениет Қазақстан алдында дамудың үш жолын ұсынуда. Біріншісі, англо-саксондық, яғни либеральдық демократияға, нарықтық экономика мен жеке бастылыққа (индивидуализмге) негізделген қоғамның даму үлгісі, екіншісі, түркілік, яғни коммунитарлық ұжымдық, шығыстық құндылықтарға негізделген қоғамның даму жолы, үшіншісі, еуразиялық. Біз үшін ең тиімдісі де, менталдық табиғаты жағынан жақыны да соңғысы. Өйткені себебі, еуразиялық ойдың өзі төзімділік рухымен сусындаған, ұлттың бетбейнесін сақтай отырып, әр түрлі ағымдар мен ықпалдарға жатсынбай қарау талпынысының нәтижесі. Еуразияшылықта өткен мен бүгінді, көшпелілік өркениет пен батыстық мәдениетті, халықтың тарихи санасы мен әлемдік өркениетті шығармашылық тұрғысынан ұштастыру бар. Олай болса, дамудың еуразиялық үлгісі Қазақстан қоғамы үшін ерікті қалаулардың бірі болмақшы.

Негізінен, толеранттылық, немесе төзімділік ауқымындағы ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлт-

тық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананың жойыла бастауы сөз жоқ, ұлттық тіл мен ділдің тоқырауына әкеліп соғатыны сөзсіз, сондықтан мемлекеттік қызметшінің мәдениетін арттыру үшін рух мәдениетін арттыру керек. Рух мәдениеті – күрделі әлеуметтік құбылыс, ол өз заңдылығымен, даралығымен дамиды.

Қазақ ағартушылары, атап көрсеткеніміздей, адам пайда болғаннан бастап, оның бойында бар төзімділік қасиетті оның негізгі армандарымен қамти отырып, шығармаларына арқау етті. Нақтырақ айтқанда, қазақ ойшылдарының шығармаларынан түсінетін адам бойындағы басқа қасиеттермен тұтас өзара ықпал ету нәтижесінде төзімділік қасиеті жақсылыққа, парасаттылыққа жетелейді. Егер, төзімділік жеке дара болса, адам құрсаулы, амалсыз, ықтиярсыз, көнбіс деңгейде қалып, ол кері жағымсыз мінез-құлықты берер еді. Ынжық, жігерсіз, одан келіп, жауапкершілікті сырты күштерге арта салу, қалыптасқан тіршілігін бәз-баяғыша жалғастыра беруге дәрменсіздік – міне, осының бәрі шыдамдылық, төзімділік, сабырлықтың әлсіреуінен келіп шығады. Төзімділік құбылысы – ұлттық көріністерді бейнелейтін адамның өмірінің этно-мәдени, әлеуметтік ортада рухани жетілу деңгейі, өзгені тану, түсіну, кішіпейілдік, адамның рухани өмірін жетілдіретін тұтас түсінік, белсенді көзқарас.

Қоғамдық түсініктер мен ұстанымдардың негізін жалпы азаматтық және этникалық бірлікке, ұлтаралық қарым-қатынастардың мәдениетін қалыптастыруға, ұлтаралық төзімділік пен менталдық сәйкестілікке септігі болатын адамгершілік, келісім мен төзімділік, құндылықтар мен мұраттар құрауы тиіс, өйткені осындай негізде ғана рухани және өнегелілік саласындағы жағымсыз үрдістерді жоюға болады. Рухани және әлеуметтік-мәдени дағдарыстан шығу жолы қоғамды ұйыта алатын жаңа өнегелілік бағдарларда жатқан сияқты.

Қорытынды

Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе болып саналады. Төзімділіктің негізінде плюрализмнің бар болуына құрмет көрсету орын алады. «Толеранттылық» ұғымы алғашында әлеуметтік ой саласында философиялық категория ретін-

де пайда болып, қатынас ретінде түсіндірілегін. XX ғ. бастап ол тәжірибе саяси қызмет, технология ретінде көрініс табады, осыған байланысты ол жеке дара саяси ұғым ретінде танылды.

Жалпы төзімділік өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз.

Гуманист Г. Гивишвили төзімділікті «ұлттық, діни немесе таптық сезімдермен салыстырғанда, жетілген өркениетті деңгейдегі әлеуметтік түйсіктің көрінісі» ретінде бағалайды. Төзімділік – ең жоғарғы деңгейдегі әлеуметтік түйсіктің, яғни гуманизмнің даму жолында алға басқан қадам [5, 202 б.].

Қазақстандық қоғам көп ұлтты болғандықтан, ұлттарды жақындасуға және қосылуға итермелейтін мүддені *ынталандыратын* тетіктер қажет. Қазіргі әлем полисемантикалық сипат алған. Ю. Хабермас айтқандай, біз бір мәдениеттің екінші мәдениеттен жоғарылығы туралы қазіргі күні айту мүмкін емес. Қазіргі жаһандану процесінің кең таралған кезеңінде мәдениеттер бір-бірімен тең дәрежеде араласады, сұхбатқа түседі, бір-бірін байытып, бүкіл адамзат үшін ортақ құндылыққа айналады.

Қорыта айтқанда, мейлі адамаралық күнделікті байланыста болсын, немесе мемлекеттік, тіпті әлемдік қауымдастықта болсын, өзара түсінісу мен кеңшілік етуге, сабыр сақтауға құрылған толеранттылық ұстанымының маңызы айрықша болып табылады. Ол демократиялық құқықтардың сақталуына кепілдік береді, араздықтардың алдын алады, адамдарды өмірді сүйуге жетелейді, оқшауланудан, ауытқудан, кекшілдіктен, кемсітуден арылтады. Дегенмен, толеранттылықтың адамгершілік қағидаттарына, елдің заң-тәртіптеріне, ұлттық мұратқа қайшы келмеуіне қол жеткізу қай-қашанда ескерілуге тиісті шешуші түйін болып есептеледі.

Қазақстанда, негізінен, жағымды бағытта дамып отырған ұлтаралық өзара әрекеттерді реттеудің белгілі бір үлгісі жасалған. Сонымен бірге, жарияланған ұлттық саясаттың бағыты мен оны жүзеге асырудың нақты тетіктері арасында, этносаралық бірігудің мінсіз нормативті үлгісі мен этносаралық өзара әрекеттің қайшылықты, көбінесе, жанжалды сипаты арасында белгілі бір алшақтық бар. Мұның бәрі кейбір

жағдайда ұлтшыл және шовинистік уәждерді бүркемелеудің, өзін басқа этникалық қоғамдас-тықтардың өкілдерінен ерек санап, тіпті, артық

көру сезімін туғызудың құралы ретінде отан-сүйгіштік құндылықтардың қабылдануына әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 27.01.2012 ж.
- 2 Бетти Э. Ризрдон. Толерантность – дорога к миру. – М.: Изд-во «Бонфи», 2001. – 301 с.
- 3 О смыслах понятия «толерантность» // Век толерантности. – 2001. – №1.
- 4 Locke, John. Letter Concerning Toleration in Steven M. Cahn ed. *Classics of Modern Political Theory* / Steven M. Cahn. – New York : Oxford University Press, 2002.
- 4 Декларация принципов толерантности // <http://www.spbdn.Ru/index/ razd1/zak/unesco/>.
- 5 Гивишвили Г. Гуманизм и гражданское общество: учебное пособие для учащихся средних и общеобразовательных учреждений. – М.: Российское гуманистическое общество, 2003. – 239 с.

References

- 1 Aleumettik-ekonomikalыk zhangurtu – Kazakstan damuynyn basty bagyty. Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbayevtyn Kazakstan khalkyna Zholdauy. 27.01.2012 zh.
- 2 Betti E. Rierdon. Tolerantnost – doroga k miru. – M.: Izd-vo «Bonfi», 2001. – 301 s.
- 3 O smyslakh ponyatiya «tolerantnost» // Vek tolerantnosti. - 2001. - №1.
- 4 Locke, John. Letter Concerning Toleration in Steven M. Cahn ed. *Classics of Modern Political Theory* / Steven M. Cahn. – New York : Oxford University Press, 2002.
- 4 Deklaratsiya printsipov tolerantnosti // <http://www.spbdn.Ru/index/ razd1/zak/unesco/>.
- 5 Givishvili G. Gumanizm i grazhdanskoye obshchestvo: Uchebnoye posobiye dlya uchashchikhsya srednikh i obshcheobrazovatelnykh uchrezhdeny. – M.: Rossyskoye gumanisticheskoye obshchestvo, 2003. – 239 s.